# ҚАЗА
# Қ

Шын бақытқа жету үшін адам өзін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Тек ғылым мен ізденістің арқасында ғана адамдар шын бақытқа жете алады.

Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай не бетіммен көрге барам?!

(С) Ахмет Байтұрсынұлы

Ақыр түбінде қара бұлт ашылып, қазақ жастарының да әлеуметтік теңдікке жететініне, өз елін бақытқа бастар азамат боларына, бүкіл қазақ қауымының қапастан құтыларына сенімім бар.

(С) Сұлтанмахмұт Торайғыров

Әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс, әйтпегенде болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз.

(С) Әлихан Бөкейхан

Бөтен кісі қазаққа ешқайдан жақсылық әкеліп бермейді. Өз күшіне, өз қуатына сенбеген адам да, халық та ғұмыр жүзінде бәйге алмайды. Біреуге телмірген адамнан, халықтан қосақ түрткен жетім лақ бақытты. .

(С) Әлихан Бөкейхан

Бөтен кісі қазаққа ешқайдан жақсылық әкеліп бермейді. Өз күшіне, өз қуатына сенбеген адам да, халық та ғұмыр жүзінде бәйге алмайды. Біреуге телмірген адамнан, халықтан қосақ түрткен жетім лақ бақытты.

(С) Әлихан Бөкейхан

Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса – тарих жолында тезек теріп қалады; бақыт пен махаббаттан тысқары болады: бұл екеуі жоқ жұртқа тіршілік неге керек?!.

(С) Әлихан Бөкейхан

Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ынтымақ қана. Қазақ жерінің әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалуы керек.

(С) Әлихан Бөкейхан